

**Оспанова Назым Уәлиханқызы**

*Алматы құрылыс – техникалық колледжі, Қазақстан, Алматы*

## **ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Бүгінгі таңда қашықтықтан оқыту жер шарының басым бөлігінде кеңінен қолданылуда. Эпидемиялық төтенше жағдайдың жариялануына байланысты елімізде орта білім ұйымдары, жоғары оқу орындары және қосымша білім беру ұйымдары қашықтан оқытуға көшкені бәрімізге белгілі. Қашықтықтан оқыту – бұл қашықтан білім алушы мен педагогтың өзара әрекеттестігін білдіретін, оқу процесінің барлық компоненттері бар және интернет технологиялары мен басқа да құралдардың көмегімен жүзеге асырылатын оқыту түрі. Қоғамдық процестердің өтпелілігі, ақпарат алмасу ағындарының қарқынды өсуі жағдайында білім берудің рөлі айтарлықтай артып келеді. Қазіргі өмірдің талаптары қаншалықты күрделі және жоғары болса, білім беру жүйесіне қойылатын талаптар соғұрлым күрделі және жоғары болады.

Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып білім берудің мақсаты: сапалы білім беру қызметін алуда азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейту; олардың білім қажеттіліктерін тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, жасына, денсаулығына және өмірдің тағы басқа себептеріне қарамастан қамтамасыз ету.

XXI ғасыр экономикасы үшін елді білімді жастармен, білікті кадрлармен, қажетті біліммен қамтамасыз ету қажет.

Бұл мақсатқа жетудің негізгі жолы - білім беру. Сапалы білім беру студенттерге мансапта жетістікке жетуге көмектесетін инновациялық ойлауды дамытуға қажетті білім, білік және құралдар бере алады. Осы міндетті шешу үшін дәстүрлі оқыту әдістеріне заманауи әдістер мен технологиялар енгізілуде.

Оқытудың жаңа тәсілдері мен әдістері, зерттеулері мен ғылыми жұмыстары кәсіптік білім беруді дамытады, ал оқыту технологияларын жетілдіру басты міндет болып табылады.

### **Қашықтықтан оқытудың міндеттері:**

- тыңдаушылардың интеллектуалды белсенділігін ынталандыру;
- материалды зерттеу және қолдану мақсаттарын анықтау, сонымен қатар тыңдаушыларды материалды таңдауға, зерттеуге және ұйымдастыруға тарту;
- оқудың және өздігінен оқудың қабілеттері мен дағдыларын дамыту.

Қашықтықтан оқыту технологиялары үлкен әлеуетке ие, ол қоғам үшін көптеген мәселелердің шешімін шынымен едәуір жеңілдете алады және адами капиталды қарқынды құруға ықпал етеді - қазіргі қоғам дамуының анықтаушы факторы.

### **Қашықтықтан оқыту толықтай мүмкіндік береді:**

- оқыту құнын төмендету (үйді жалдау, оқу орнына бару студенттерге де, оқытушыларға да шығынсыз және т.б.);
- оқу уақытын қысқарту (жинау, сапар уақыты);
- қатысушы сабақтың уақытын, орнын және ұзақтығын өз бетінше жоспарлай алады;
- көптеген адамдар үшін тренингтер өткізу;
- заманауи құралдарды, көлемді электронды кітапханаларды және т.б. пайдалану арқылы білім сапасын арттыру;
- бірыңғай білім беру ортасын құру;

Осы қашықтықтан оқыту кезіндегі өз тәжірибемнен қоса кететін болсам, маған қашықтан оқыту ұнады. Себебі мен өзімнің ақпараттық – коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдану білімдерімді тереңдеттім. ZOOM платформасымен видеосабак жасауды үйреніп, студенттерге шағын сабақтарды түсіндіріп Whatsapp желісі арқылы жіберіп отырдым. Арнайы пән мұғалімі болғаннан кейін онлайн сабақ беру бастапқыда өз қиыншылығын тигізді, оған қарамастан әр модуль бойынша студентке түсінікті болу үшін видеолар түсіріп, кері байланыстар

жасадым. Мұндағы бір ерекшелік топта көп ашыла бермейтін студенттердің белсенділігін байқадым. Жіберілген кері байланыстарды біріктіріп видеосабак түрінде жасақтап инстаграмм, фейзбук желілеріне тәжірибе алмасу мақсатында жүктедім. Студенттердің мерейі үстем болсын деп, мотивация жасап студенттер мен ата-аналар чаттарынада жібердім.

Қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтары:

- Заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды қолдану;
- Интерактивті әрекеттесу формалары;
- Сапалы білім алу;
- Уақытты үнемдеу;
- Ыңғайлы уақытта оқу;
- Территориялық шектеулер жоқ;
- Денсаулық күйі бойынша шектеулер жоқ;

Қорыта айтқанда, қашықтықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда ең бастысы электрондық материалдар, қашықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Бұл біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық дәрежедегі бәсекеге төзімді қоғам құруға зор көмегін тигізеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы, 2010 жыл.
2. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. Алматы 2015 жыл.
3. Жүнісбек Ә., Жаңа технология негізі – сапалы білім // Қазақстан мектебі.-2008 жыл.